

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

2016 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған бір жылғы қаржылық
есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	6
Қаржылық жағдайы туралы есеп	7
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп	8
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	9
Қаржылық есептілікке ескертпелер	10-66



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ Директорлар кеңесіне және Басқармасына

Пікір

Біз 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ (әрі қарай, «Банк») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі қатынастарда Банктің 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына («АХС») сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да әдептілік міндеттемелерімізді БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Банкті жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Банктің қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- Алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.
- Жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз.
- Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз.
- Басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.



«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың есебі
3-бет

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі, жалғасы

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:


Ким Е. В.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитторы
2011 жылдың 8 тамызында берілген
№ МФ-0000042 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылы 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның №0000021


Хаирова А. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет
ететін Бас директоры
31 наурыз 2017 жыл

	Ескер тпе	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Пайыздық табыстар	4	1,596,479	1,127,112
Пайыздық шығыстар	4	(208,061)	(35,068)
Таза пайыздық табыс		1,388,418	1,092,044
Комиссиялық табыстар	5	58,313	49,142
Комиссиялық шығыстар	6	(19,195)	(18,316)
Таза комиссиялық табыс		39,118	30,826
Шетел валютасымен операциялардан таза табыс	7	104,932	255,073
Басқа операциялық (шығыстар) табыстар, нетто		(5,500)	6,413
Операциялық табыстар		1,526,968	1,384,356
Қызметшілерге шығыстар	8	(614,695)	(392,222)
Басқа жалпышаруашылық және әкімшілік шығыстар	9	(324,404)	(222,405)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		587,869	769,729
Табыс салығы бойынша шығыс	10	(107,888)	(119,702)
Бір жылға пайда		479,981	650,027

Басқа жиынтық залал, табыс салығын шегергенде

Реклассификацияланған немесе ақырында пайда болуы мүмкін немесе залал құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар:

Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв

- Әділ құнның таза өзгеруі

(93,699)

(112,093)

Бір жылғы басқа таза шығын, табыс салығын шегергенде

(93,699)

(112,093)

Бір жылғы барлық жиынтық табыс**386,282****537,934**

6-ші беттен бастап 66-ші бетке дейін ұсынылған қаржылық есептілік Басшылықпен 2017 жылдың 31 наурызында мақұлдаған және оның атынан қол қойылған



Г.Ш. Жаксыбаева ханым
Бас бухгалтер

	Ескертпе	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	11	5,778,342	1,050,608
Банктердегі шоттар мен депозиттер	12	666,900	320
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	13	1,299,299	1,397,331
Банктерге берілген кредиттер	14	675,193	2,911,612
Клиенттерге берілген кредиттер			
- Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	15	4,942,902	3,580,417
- Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	15	4,596,527	4,360,892
- Бөлшек клиенттерге берілген кредиттер	15	2,441,855	3,142,968
Өтелгенге дейін ұсталынатын инвестициялар	16	1,916,066	1,923,767
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер	17	256,067	87,636
Басқа активтер	18	218,958	47,055
Активтердің барлығы		22,792,109	18,502,606
МІНДЕТТЕМЕ			
Банктердің шоттары мен депозиттері	19	2,045,714	1,734,916
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері			
- Корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	20	6,497,770	3,172,874
- Бөлшек клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	20	1,677,407	1,449,107
Басқа міндеттеме	21	141,676	102,449
Міндеттемелердің барлығы		10,362,567	6,459,346
КАПИТАЛ			
	22		
Акционерлік капитал		10,028,720	10,028,720
Қосымша төленген капитал		144,196	144,196
Міндетті резерв		279,516	279,516
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв		(309,566)	(215,867)
Бөлінбеген пайда		2,286,676	1,806,695
Капиталдың барлығы		12,429,542	12,043,260
Барлық міндеттемелер мен капитал		22,792,109	18,502,606

Қаржылық жағдай туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қарастырылуы тиіс

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздық табыстар	1,554,567	1,153,717
Төленген пайыздық шығыстар	(193,158)	(35,554)
Алынған комиссиялық табыстар	57,953	49,241
Төленген комиссиялық шығыстар	(19,177)	(18,325)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза түсімдер	103,220	220,127
Басқа операциялық (төлемдер) түсімдер	(4,789)	6,853
Қызметкерлерге төлемақылар	(595,006)	(393,659)
Басқа төленген жалпышаруашылық және әкімшілік шығыстар	(361,171)	(189,035)
Операциялық активтерді (көбейту) азайту		
Банктерге берілген кредиттер	(663,905)	(80)
Банктерге берілген кредиттер	2,281,583	(1,394,506)
Клиенттерге берілген кредиттер	(866,040)	(627,856)
Операциялық міндеттемелерді көбейту (азайту)		
Банктердің шоттары мен депозиттері	407,378	374,148
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	3,810,453	(13,760,464)
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен алынған (операциялық қызметте пайдаланылған) ақшалай қаражаттың таза қозғалысы	5,511,908	(14,615,393)
Төленген табыс салығы	(118,563)	(121,080)
Операциялық қызметтен (қызметтегі) ақшалай қаражаттың түсуі (ақшалай қаражатты пайдалану)	5,393,345	(14,736,473)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(191,398)	(7,385)
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді өтеу және сату	-	900,000
Операциялық қызметтен (қызметтегі) ақшалай қаражаттың түсуі (ақшалай қаражатты пайдалану)	(191,398)	892,615
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Заемды алуға төленген комиссия	(76,752)	-
Қаржылық қызметте ақшалай қаражатты пайдалану	(76,752)	-
Ақшалай қаражаттарды және олардың баламаларын таза көбейту (азайту)	5,125,195	(13,843,858)
Валюталық бағам өзгерісінің ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының шамасына ықпалы	(397,461)	1,117,692
Жылдың басына ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	1,050,608	13,776,774
Жылдың басына ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары (11 Ескертпе)	5,778,342	1,050,608

Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қарастырылуы тиіс

	Акциянерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Міндетті резерв	Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Капиталдың барлығы
Мың теңге						
2015 жылдың 1 қаңтарына қалдық	10,028,720	144,196	279,516	(103,774)	1,156,668	11,505,326
Бір жылға пайда	-	-	-	-	650,027	650,027
Басқа жиынтық шығын						
<i>Реклассификацияланған немесе ақырында пайда болуы мүмкін немесе залал құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар</i>						
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	-	(112,093)	-	(112,093)
Барлық басқа жиынтық залал	-	-	-	(112,093)	-	(112,093)
Бір жылғы барлық жиынтық табыс	-	-	-	(112,093)	650,027	537,934
2015 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	10,028,720	144,196	279,516	(215,867)	1,806,695	12,043,260
2016 жылдың 1 қаңтарына қалдық	10,028,720	144,196	279,516	(215,867)	1,806,695	12,043,260
Бірі жылғы пайда	-	-	-	-	479,981	479,981
Басқа жиынтық залал						
<i>Реклассификацияланған немесе ақырында пайда немесе залал құрамына реклассификациялануы мүмкін баптар:</i>						
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	-	(93,699)	-	(93,699)
Барлық басқа жиынтық залал	-	-	-	(93,699)	-	(93,699)
Бір жылғы барлық жиынтық табыс	-	-	-	(93,699)	479,981	386,282
2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	10,028,720	144,196	279,516	(309,566)	2,286,676	12,429,542

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қарастырылуы тиіс

1 Негізгі ережелер

(а) Ұйым және негізгі қызмет

Банк 2008 жылы Қазақстан Республикасында акционерлік қоғам ретінде негізделді. Банктің негізгі қызметі депозиттерді тарту және клиенттердің шоттарын жүргізу, кредиттер мен кепілдіктерді беру, есептік-кассалық қызмет көрсетулерді жүзеге асыру, бағалық қағаздармен және шетел валютасымен операцияларды жүргізу болып табылады. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен «ҚРҰБ» реттеледі.

Заңды тұлға ретінде Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің мемлекеттік тіркеуімен анықталды. (№0.5037-1900-АО (ЖМ) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік). Банктік қызметті жүргізуге құқық Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен (ҚБА) берілді. (2008 жылғы 28 қарашадағы №1.1.258 банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия).

2015 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының «Рұқсат ету жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңның күшіне енуіне байланысты «Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша» деп аталатын банктік операцияларының түрі «қол-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоса есептегенде шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға» өзгертілді Банктің лицензиясы қайта рәсімделді.

Банктің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ, Достық даңғылы, 38, 050010.

Банктің филиалдары жоқ. Активтер мен міндеттемелердің үлкен бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан.

Банк толығымен «Shinhan Bank» (Корея Республикасы, Сеул) (бұдан әрі «Иегер банк» немесе «Акционер») тиесілі. Ақырғы иегер Банктің қызметін өз қарауы бойынша және өз мүддесінде бағыттауға құқылы болатын Shinhan Financial Group Co. Ltd. болып табылады. Тараптарға байланысты толық операциялар 28 Ескертпеде ашылған.

(б) Қазақстанда қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарты

Банктің қызметі негізінен Қазақстанда орындалады. Соған сәйкес Банк нарықтық экономикасы дамып жатқан елдерді сипаттайтын Қазақстанның экономикалық және қаржылық нарықтарына тән тәуекелдерге тартылады. Құқықтық жүйе, салық жүйесі мен заңнама базасы дамуда, бірақ құқықтық және қаржылық кедергілерге байланысты Қазақстанда қызмет ететін ұйымдар әр түрлі проблемаларға ұшырап, түрлі түсіндірулер мен жиі болатын өзгерістердің салдарында тұрақсыздыққа бой алдыруда. Оның үстіне теңгенің айтарлықтай құнсыздануы және мұнай бағасының түсуі бизнес тәуекелдерін арттыруды. Ұсынылып жатқан осы қаржылық есептілікте Банк басшылығының қаржылық-шаруашылық қызметті жүргізу кезінде Банк қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижесіне берген бағасы көрсетілген. Қаржылық-шаруашылық қызметті жүргізу жағдайының кейінгі дамуы қазіргі басшылықтың бағасынан айрықшалануы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері

(а) ҚЕХС сәйкес өтініштер

Ұсынылып жатқан қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған (бұдан әрі «ҚЕХС»).

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері, жалғасы

(б) Құнды анықтауға арналған база

Осы қаржылық есептілік әділ құн бойынша сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерден басқа нақты шығындар бойынша есептеу принципіне сәйкес дайындалған

(в) Функциональдық валюта және есептілікті беру валютасы

Банктің функционалдық валютасы - Банкпен өткізілетін және банктің қызметіне ықпал ететін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнісін барынша жақсы көрсететін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – қазақстандық теңге болып табылады.

Қазақстандық теңге сондай-ақ, осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейін дәлдікпен дөңгелетілген.

(г) Бағалар мен пайымдауларды пайдалану

ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау - басшылыққа пайымдауларларды жасауды, есептік бағаларды беруді мен есептеу саясатын қолдануды, активтер мен міндеттемелер, табыстар мен шығыстар бойынша қаржылық есепте көрсетілген шамаға ықпал ететін кемшіліктерді көрсетуді міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан айрықшалануы мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан кемшіліктер тұрақты түрде қарастырылады. Бағалардағы түзетулер тиісті баға қаралған есептік кезде және оған қатыста болған кез-келген кейінгі кезеңде танылады.

Айтарлықтай белгісіз бағаларға, есептеу саясатының ережесін қолдану кезінде критикалық уәжді пайымдауларға қатысты ақпараттар келесі ескертпелерде көрсетілген

- 15 ескертпе –заемдарды құнсыздану бағасы;
- 16 ескертпе – өтеу мерзіміне дейін ұсталынатын инвестицияларды жіктеу;
- 29 ескертпе – қаржылық құралдардың әділ құны.

(д) Есептік саясатты және деректерді беру тәртібін өзгерту

Банк 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бастапқы қолдану күнінен бастап стандарттарға келесі түзетулерді қабылдады.

«Ақпараттарды ашуға талаптарды қайта қарау бойынша жоба» (ҚЕХС -на түзетулер) (IAS) 1) түзету маңыздылығы принципін анықтайды. Атап айтқанда, келесі есептер қаржылық есептілікті пайдаланушыларға пайда әкеліп, ҚЕХС анықталған баптар маңызсыз болып, қаржылық жағдай, пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептердегі баптарды біріктіре алатын болса, кәсіпорынның қаржылық жағдай туралы есептегі, пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептегі баптарды тәптіштеу керек екенін көрсетеді. Осы түзетулер нәтижесінде қаржылық есептілік келесідегідей өзгертілуі тиіс.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері, жалғасы

(д) Есептік саясатты және деректерді беру тәртібін өзгерту, жалғасы

Мың теңге	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетулерден нәтиже	Түзетілген мәндер
2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп			
Клиенттерге берілген кредиттер	11,084,277	(11,084,277)	-
- Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	-	3,580,417	3,580,417
- Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	-	4,360,892	4,360,892
- Бөлшек клиенттерге берілген кредиттер	-	3,142,968	3,142,968
Ағымдағы салық активі	22,568	(22,568)	-
Басқа активтер	24,487	22,568	47,055
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	4,621,981	(4,621,981)	-
Корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	3,172,874	3,172,874
Бөлшек клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	1,449,107	1,449,107
- Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	50,657	(50,657)	-
Басқа міндеттемелер	51,792	50,657	102,449

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі

Келесі сипатталған есептеу саясаты есептеу саясатындағы өзгерістерге қатысты 2 (д) Ескертпеде көрсетілген белгілі ерекшеліктермен осы қаржылық есептілікте көрсетілген барлық есептік кезеңдерде Банспен жүйелі қолданылды.

(а) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар операцияларды жасау күнінде валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады.

Есептік күндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есептік күні валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер операцияларынан болған пайда немесе залал - кезең ағымында пайыздардың және төлемдердің тиімді мөлшерлемесі бойынша есептелген шамаға түзетілген есептік кезеңнің басындағы жағдай бойынша функционалдық валютада амортизацияланған құн және есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық бағамға ауыстырылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды анықтау күнінде қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Шетел валютасында және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операцияларды жасау күнінде қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады.

Шетел валютасына айырбастау нәтижесінде пайда болған бағамдық айырмашылықтар пайдалар немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(б) Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларына ҚРҰБ-дегі және басқа банктердегі қолма-қол банкноттар, монеталар мен бос қалдықтар («Ностро» шоттары), сондай-ақ, әділ құнды өзгертудің айтарлықтай тәуекеліне тартылмайын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем болмайтын және Банкпен қысқамерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланылатын жоғары өтімді қаржылық активтер кіреді. Міндетті резервтер ҚРҰБ-де ақша немесе оларды пайдалану мүмкіндігінің шектелгеніне байланысты оларға теңестірілген құрал ретінде қарастырылмайды. Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары қаржылық жағдай туралы есепте амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

(в) Қаржылық құралдар

(і) Қаржылық құралдарды жіктеу

Өзгерістері кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар төменде әрекет арқылы пайда болатын қаржылық активтерді немесе міндеттемелерді білдіреді:

- сатып алынатын немесе жақын болашақта сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынатын;
- бірге басқарылатын қаржылық құралдар ретінде сәйкестендірілетін және жақында қысқамерзімді болашақта пайданы алудың дәлелі болған портфельдің бөлігі болып табылатын;
- туындылар (қаржылық кепілдіктердің шарттары болған немесе тиімді болған хиджерлеу құралдарымен құрылған және нақты пайдаланылатын туынды құралдардан басқа) болып табылатын, немесе
 - Бастапқы мойындау кезінде өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын категорияға анықталған

Банк төменде аталған шарттардың бірі орындалған болса, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын категорияға анықтай алады:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есептерде көрсету әділ құн негізінде орындалады;
- осындай тәсіл басқаша болуы мүмкін бухгалтерлік есептегі сәйкессіздік әсерін толығымен немесе едәуір жояды;
- актив немесе міндеттеме болмаған жағдайда шарт бойынша күтілетін ақшалай қаражаттың ағымын едәуір өзгертетін ішінен құрылған туынды қаржылық құралды құрайды.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(в) Қаржылық құралдар, жалғасы

(і) Қаржылық құралдарды жіктеу, жалғасы

Басшылық бастапқы мойындау сәтінде қаржылық құралға жатқызу қажет категорияны анықтайды. Бастапқы мойындау сәтінде өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын категорияға жатқызылатын туынды қаржылық құралдар мен қаржылық құралдар өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын категорияға жатқызылатын қаржылық құралдар категориясынан реклассификацияланады. Егер қаржылық активтер кредиттер және дебиторлық қарыз анықтамасына жауап беретін болса, өзгерістері кезеңге пайда немесе залалқұрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар категориясынан немесе Банк болашақта немесе өтеу құны басталғанға дейін осы активтерді ұстап қалуға ниеті мен мүмкіндігі болса, сатуға арналған активтер категориясынан реклассификациялануы мүмкін. Басқа қаржылық құралдар тек сирек жағдайларда өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар категориясынан реклассификациялауы мүмкін. Сирек жағдайлар - қайталануы жақын болашақта екіталай болатын қарапайым емес бірегей оқиғалар болып табылады.

Кредиттер мен дебиторлық қарыз Банк төменде аталғандарды жүзеге асырғаннан басқа белсенді әрекет ететін нарықта бағасы белгіленбейтін тіркелген немесе белгілі төлемдермен туынды емес қаржылық активтерді білдіреді.

- Дерееу немесе ең жақын уақытта сатып жіберуге ниетті;
- Бастапқы мойындау сәтінде өзгерістері кезеңге пайда немесе залалқұрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын категорияға анықтағанда;
- Бастапқы мойындау сәтінде сатуға арналған қолда бар категорияға анықтағанда; немесе
- Несиенің құнсыздануына байланысты Банк бастапқы жасалған барлық инвестицияларды өтемейтін болғанда.

Өтеу мерзімі өткенге дейін ұсталынатын инвестициялар - Банк төменде аталғандардан басқа өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап тұруға ниетті тиянқталған немесе белгілі төлемдермен және өтеудің белгіленген мерзімімен туынды емес қаржылық активтерді білдіреді.

- Бастапқы мойындау сәтінде өзгерістері кезеңге пайда немесе залалқұрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын категорияға анықталғанда;
- Банк сатуға арналған қолда бар категорияны анықтағанда; немесе
- Кредитер мен дебиторлық қарыздың анықтамасына сәйкес келгенде ;

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері - сатуға арналған қолда бар категорияға анықталатын немесе өтеу мерзімі өткенге дейін ұсталынатын кредиттер мен дебиторлық қарыздар болмайтын, инвестициялар анықтамасына түспейтін, өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын туынды емес қаржылық активтерді білдіреді.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Қаржылық есептегі қаржы құралдарын мойындау

Қаржы құралдары қаржы активтері мен міндеттемелер болған кезде Банк шарттық қатынасқа түсетін қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдай есеп айырбастауларды жүргізу күнінде көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активі немесе міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активі немесе міндеттеме жағдайында қаржы активі мен міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей жататын мәмілелер бойынша шығындар бағаланады.

Бастапқы мойындаудан кейін туынды қаржы құралдарын қоса есептегенді қаржы активтері төменде аталғандардан басқа сату немесе шығару нәтижесінде болуы мүмкін мәмілелер бойынша қандай да бір шығындарды шегерусіз әділ құны бойынша бағаланады:

- сыйақылардың тиімді мөлшерлемелері әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер мен дебиторлық қарыздар ;
- сыйақылардың тиімді мөлшерлемелері әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өтеу мерзіміне дейін ұсталынатын инвестициялар;
- белсенді қызмет ететін нарықта нарықтық бағасы белгіленбеген және нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетілетін әділ құнын сенімді анықтап алуға болмайтын үлестік құралдардағы инвестициялар.

Өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерінен және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы мойындауды тоқтату критерияларына жауап бермегенде пайда болатын қаржылық міндеттемелерден басқа барлық қаржы міндеттемелері амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

(iv) Амортизацияланған құн

Қаржылық активтің амортизацияланған құнын немесе міндеттеме сыйақылардың тиімді мөлшерлемелері әдісін пайдаланумен анықталған бастапқы мойындалған құн мен өтеу сәтіндегі құн арасындағы айырмашылықтың жиналған табыс шамасына түзетілген қарыздың негізгі сомасының төлемдерін шегерумен, сондай-ақ, құнсызданудан залалды шегерумен бастапқы мойындау сәтінде құнсызданған қаржылық активті немесе міндеттемені білдіреді. Сыйақылар мен дисконттардың шамасы, сондай-ақ, мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың теңгерімдік құнына қосылады және осы құрал сыйақылардың тиімді мөлшерлемелеріне қарай амортизацияланады.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(v) *Әділ құн бойынша баға принципі*

Әділ құн—негізгі нарықта бағалау күніне немесе ол болмаған жағдайда сол күні Банкке қолжетімді болатын ең тиімді нарықта нарық қатысушылары арасында қарапайым мәмілелер жағдайында активті сату кезінде алына алатын немесе міндеттемелерді тапсыру кезінде төлене алатын бағаны білдіреді. Міндеттемелердің әділ құны оны орындамау тәуекелін көрсетеді

Бар мүмкіндігінше Банк белсенді нарықтағы осы құралдың белгіленген бағасын пайдаланумен құралдың әділ құнын бағалайды. Тұрақты негізде белгіленген бағаны анықтау үшін актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жиі және жеткілікті көлемде жасалатын болса нарық белсенді болып танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеулер болмаған жағдайда Банк бақыланатын шығыс деректерін максимальды түрде пайдаланатын және бақыланбайтын шығыс деректерін минимальды түрде пайдаланатын баға әдістерін пайдаланады. Бағалаудың таңдалған әдістеріне осы жағдаларда нарық қатысушылары назарға алатын барлық факторлар кіреді.

Бастапқы мойындау кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік куәлігі мәміле бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемақының әділ бағасы болып табылады. Егер Банк бастапқы мойындау кезінде әділ құн мәміле құнынан ерекшеленеді деп анықтайтын болса және әділ құн аналогиялық актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеулермен расталмайтын болса және тек бақыланатын шығыс деректер үшін пайдаланылатын бағалар әдістеріне негізделмейтін болса бастапқы мойындау кезінде әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы айырмашылықтың мерзімін ұзарту үшін түзетілген әділ құн бойынша бағаланады. Бастапқы мойындаудан кейін айырмашылық құралдың бар болу мерзімінің барлық ағымында, бірақ баға бақыланатын шығыс деректермен толығымен расталатын сәттен кеш болмайтын мерзімде немесе операция аяқталғанда пайда немесе залал құрамында тиісінше көрсетіледі.

Әділ құн бойынша бағаланатын актив немесе міндеттеме сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасына ие болады, активтер мен ұзын позициялар сұраныс бағасы негізінде бағаланса, міндеттеме мен қысқа позициялар ұсыныс бағасы негізінде бағаланады.

Банк өзгерістер болған есептік кезеңнің соңындағы әділ құн иерархиясындағы деңгейлер арасындағы аударымдарды мойындайды.

(vi) *Кейінгі бағалау кезінде туындаған пайда мен залал*

Қаржылық активтің немесе міндеттемелердің әділ құнын өзгерту кезінде туындаған пайда мен залал келесідегідей көрсетілді:

- өзгерістері кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын категорияға жіктелген қаржы құралы бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетіледі;
- сатуға арналған қолда бар қаржы активі бойынша пайда немесе залал бұрын капитал құрамында көрсетілген жиналған пайда немесе залал құрамына ауыстырылған болса активті мойындау сәті тоқтағанға дейін капитал құрамындағы басқа жиынтық табыс ретінде көрсетіледі (құнсызданудан болған залалдан, қалдықтарды сатуға арналған қолда бар қарыз қаржы құралдары бойынша шетел валютасына ауыстырудан болған пайдадан немесе залалдан басқа).

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(vi) *Кейінгі бағалау кезінде туындаған пайда мен залал, жалғасы*

Амортизациялық құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша пайда немесе залал қаржы активі немесе міндеттемені мойындау тоқтаған жағдайда немесе олар құнсызданған кезде, сондай-ақ, тиісті амортизацияны есептеу процессінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(vii) *Мойындауды тоқтату*

Осы қаржы активі бойынша ақшалай қаражаттардың ағынына сол кезде шартпен қаралған құқықтың күші жойылғанда немесе осы қаржылық активінің меншіктік құқығына байланысты дерліктей барлық тәуекелдермен және пайдалармен берілетін мәміленің жасалуы нәтижесінде қаржы активін басқа тарапқа бергенде немесе Банк осы қаржы активінің меншіктік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың едәуір бөлігін табыстамайтын, сақтамайтын және қаржы активін бақыламайтын болса, Банк қаржы активін мойындауды тоқтатады. Банкпен құрылған немесе оған сақталған мойындауды тоқтату талаптары сақталатын табысталған қаржы активтеріне қатысудың кез-келген үлесі қаржы жағдайы туралы есепте бөлек актив немесе міндеттеме ретінде мойындалады. Банк шарттық міндеттемелер орындалғанда, күші жойылғанда немесе тоқтатылған кезде қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтатады.

Банк қаржы жағдайы туралы есепте мойындалған шарттар бойынша мәмілелерді жасайды. Бірақ бұл ретте берілген активтерге меншіктік құқығынан шығатын тәуекелдер мен пайдалардың барлығын немесе бөлігін өзіне сақтайды. Барлық немесе дерліктей барлық тәуекелдер мен пайдаларды сақтау кезінде Банк берілген активтерді мойындауды тоқтатпайды.

Шарттар бойынша Банк қаржы активіне меншіктік құқығынан шығатын дерліктей барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне сақтамайтын және бермейтін мәмілелерді жасаған кезде Банк активті бақылай алмайтын болса, осы активті мойындауды тоқтатады.

Активті беру кезінде Банк оған бақылауды сақтайтын болса, ол Банктің құнының өзгеруін сату дәрежесі ретінде анықтайтын активке қатысуды өзіне сақтау дәрежесінде активті мойындауды жалғастырады.

Банк өндіруден пайда жоқ деп мойындаған активтерді тізімнен шығарады.

(viii) *«РЕПО»және «кері РЕПО» мәмілелері*

Кері сатып алу міндетімен сату туралы келісімдер аясында сатылған құнды қағаздар (бұдан әрі, «РЕПО» мәмілелері) бағалы қағаздар кепілдігімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі. Бұл ретте бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы есепте көрсетіле береді, ал «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық қарыздар құрамына қосылған контрагенттер алдында міндеттеме ситуацияларға қарай банктердің шоттары мен депозиттері немесе клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығысты білдіреді және сыйақылардың тиімді мөлшерлемелерін пайдланумен «Репо» мәмілелерінің әрекет ету кезеңінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(viii) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері, жалғасы

«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық қарыз құрамына енгізілген кері сату міндетімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған құнды қағаздар (бұдан әрі, «РЕПО» мәмілелері») ситуацияларға қарай банктерге берілген кредиттер немесе клиенттерге берілген кредиттер құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығысты білдіреді және сыйақылардың тиімді мөлшерлемелерін пайдланумен «кері Репо» мәмілелерінің әрекет ету кезеңінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесін сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған активтер үшінші тұлғаларға берілетін болса, бағалы қағаздарды қайтарып беру туралы міндеттеме саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ бағасы бойынша бағаланады.

(ix) Активтер мен міндеттердің өзара есебі

Қаржылық активтер мен міндеттемелер Банк мойындалған сомаларды өзара есептеуге заңмен қорғалған құқығы болған кезде нетто-негізде есепті жүргізуге немесе активті жүзеге асырып, міндеттемені біруақытта орындауға ниетті болған кезде ғана өзара есептеледі және нетто-шамада қаржы жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Банк қазіргі күні осы құқық алдағы оқиғалармен шартталмайтын болса және кәдімгі қызметті атқару кезінде және міндеттемені орындамау, Банктің немесе қандай да бір контрагенттердің жағдайсыздығы немесе банкроттылығы кезінде өзара есепке алуларды заңды тұрғыдан орындау құқығына ие.

(г) Негізгі қаражат

(i) Жеке активтер

Негізгі қаражаттардың объектілері жиналған амортизациялар мен құнсызданудан залалдарды алып тастағанда нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Негізгі қаражаттардың объектісі әр түрлі пайдалану мерзіміне ие бір не құрамдас бөліктерден құралатын болса, бұндай құрамдас бөліктер негізгі құралдардың бөлек объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Амортизациялау

Негізгі құралдар бойынша амортизация пайдалы пайдаланудың болжанатын мерзімі ағымында азаятын қалдық әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алу күнінен бастап есептеледі, ал шаруашылық әдіспен көтерілген негізгі құралдар объектілері үшін объектінің құрылысы біткен немесе ол пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі құралдардың барлық баптары үшін пайдалы пайдалану мерзімі 5 жылды құрайды.

Егер банк жалға алынатын негізгі құралдарға капитал салатын болса, бұндай шығындар келесі мерзімдердің, атап айтқанда жалға алу мерзімі немесе жалға алған меншікті жақсарту қызметінің пайдалы мерзімінің ең қысқа мерзімі ағымында тіксызық әдісі негізінде амортизацияланады.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(д) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер - жиналған амортизациялар мен құнсызданудан болған залалдарды шегергенде нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнаулы бағдарламалық қамсыздандыруға және оны енгізуге жұмсалған лицензияларды сатып алуға жұмсалған шығындар - тиісті материалдық емес активтің құнына капиталданады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация пайдалы пайдалануды болжалды мерзімі ағымында азайған қалдық әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Пайдалы пайдаланудың есептік мерзімі 5 жыл.

(е) Құнсыздану

Банк әр есептік кезеңнің соңына қаржылық активтің немесе қаржылық активтер топтарының құнсыздануының объективті куәліктердің барына баға жүргізеді. Осындай куәліктер болған жағдайда Банк құнсызданудан болған кез-келген шығынның мөлшерін есептейді.

Тек қаржылық активті бастапқы мойындаудан кейін (залалдың басталу уақыты) болған бір немесе бірнеше оқиғалары нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелдері болған жағдайда және аталған оқиғаның (немесе оқиғалардың) айтарлықтай дәрежеде сенімділікпен басқаруға болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша ақшалай қаражаттардың болжалды болашақ ағынына ықпал еткенде қаржы активтері немесе қаржылық активтер тобы құнсызданып, құнсызданулардан залалдар болады.

Қаржылық активтердің құнсыздануының объективті куәлігі заемшының міндеттемелерді орындамауы (дефолт) немесе заемшымен жіберілген төлемдер мерзімін өткізіп алу, заемшының шарт бойынша міндеттемелер мен шарт шарттарын бұзуы, Банк қандай жағдайда болмасын қарастырмайтын жағдайлардағы қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобының реструктуризациясы, заемшының немесе эмитенттің болуы мүмкін банкроттылық белгілері, бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе топқа кіретін заемшылардың төлем қабілеттілігін нашарлауы немесе аталған топқа кіретін заемшылардың міндеттемелерді орындамауына (дефолт) байланысты ара қатынасты орнататын экономикалық жағдайдың өзгеруі секілді активтер тобына жататын басқа бақыланатын деректер кіреді

Сатуға арналған қолда бар үлестік бағалы қағаздағы инвестициялардың әділ құнының осы бағалы қағаз бойынша нақты шығындардан төмен құнға дейін айтарлықтай немесе ұзақ уақыт түсуі құнсызданудың объективті куәлігі болады.

(і) Амортизациялық құн бойынша айқындалатын қаржы активтері

Амортизациялық құн бойынша айқындалатын қаржы активтері негізінен кредиттерден және басқа дебиторлық қарыздан құралады (бұдан әрі «кредиттер және дебиторлық қарыз»). Банк болуы мүмкін құнсыздануды анықтау мақсатында кредиттер мен дебиторлық қарыз бағалайды.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(е) Құнсыздану, жалғасы

(i) Амортизациялық құн бойынша айқындалатын қаржы активтері, жалғасы

Банк басында бөлек-бөлек маңызды болатын кредиттер мен дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудың объективті дәлелдерін, бөлек-бөлек немесе ұжымдық маңызды болмайтын кредиттер мен дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудың объективті дәлелдерін бағалайды. Егер Банк бөлек-бөлек маңызды немесе маңызды болмайтын кредит немесе дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудың объективті дәлелдерінің жоқ екенін анықтайтын болса, кредит немесе дебиторлық қарыз кредиттік тәуекелдің бірдей сипаттамасымен кредиттер немесе дебиторлық қарыз тобына кіреді және ұжымдық негізде активтер тобы құрамында құнсыздану бойынша бағаланады. Құнсызданудан шығын пайда болып жатқан немесе шығын жалғасып жатқан құнсыздану бойынша бөлек бағаланатын кредиттер мен дебиторлық қарыз құнсыздану бойынша ұжымдық бағалауға кірмейді. .

Кредит немесе дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудан объективті дәлелдер болған жағдайда шығын сомасы несиенің баланстық құны немесе дебиторлық қарыз арасындағы және кредит немесе дебиторлық қарыз бойынша сыйақылардың бастапқы тиімді мөлшерлемелерін пайдаланумен дисконтталған кепілдіктер мен қамтамасыз етулердің өтелетін құнын қоса есептегенде ақшалай қаражаттың болжанатын болашақ ағындарын құнының ағымдағы сәтіне келтірілген айырмашылық ретінде өлшенеді. Жасалған шарттар шарттарына сәйкес ақшалай қаражаттардың ағыны мен ағымдағы экономикалық жағдайды айқындайтын ақпаратқа сәйкес келетін түзетілген шығындарды алудың тарихи тәжірибесі ақшалай қаражаттардың болжалды ағындарын анықтаудың негізі болды.

Кредит немесе дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудан шығын сомасын анықтау үшін қажет болатын бірқатар ақпараттар болған кезде бірқатар жағдайлар болған жағдайда, олар не шектелуі не ағымдағы шарттар мен жағдайларға сәйкеспейтін мүмкін. Осындай жағдай заемшы қаржылық қиындық көрген жағдайда, ал қолайлы ақпараттық көлем осындай заемшыларға шектеу болған кезде болады. Бұндай жағдайларда Банк құнсызданудан болған шығын сомасын анықтау үшін өзінің тәжірибесі мен пайымдауларын пайдаланады.

Кредиттер мен дебиторлық қарыздың құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және тек өтелетін құнның кейінгі өсуі құнсызданудан болған шығынды мойындаудан кейін болған оқиғаға байланысты объективті болатын болса, қалпына келтіруге жатады

Кредит бойынша қарызды өндіру мүмкін болмаған жағдайда кредит кредиттердің құнсыздануының тиісті резервісі есебінен тізімнен шығарылады. Бұндай кредиттер (және кредиттердің құнсыздануының кез-келген тиісті резервілері) басшылық кредиттер бойынша қарыздарды өндіру мүмкін емес және кредиттер бойынша қарыздарды өндіру бойынша барлық қажетті процедуралар аяқталған деп санаған жағдайда тізімнен шығарылады.

(ii) Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар басқа жиынтық табыс құрамындағы мойындалған жинақ залалды реклассификациялық түзету ретінде пайда немесе залал құрамына ауыстыру арқылы мойындалады. Басқа жиынтық табыс құрамынан пайда немесе залал құрамына реклассификацияланатын жиналған залал бұрын пайда немесе залал құрамында мойындалған құнсызданудан болған шығынды шегерумен негізгі сомалар мен амортизациялардың және ағымдағы әділ құнның кез-келген төлемдерін шегерумен сатып алу құн арасындағы айырмашылықты білдіреді. Ақшаның уақытша құнына жататын құнсыздануға кететін резервтің өзгеруі пайыздық табыстың құрамдас бөлігі ретінде көрсетіледі.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(е) Құнсыздану, жалғасы

(ii) Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері, жалғасы

Кейінгі кезеңде сатуға арналған қолда бар құнсызданған қарыздық бағалы қағаздың әділ құны өсететін болса және бағаның өсуі пайдалар мен залалдар құрамында құнсызданулардан шығынды мойындаудан кейін болған оқиғаларға объективті байланысты болатын болса, құнсызданудан залал қалпына келтіріледі және қалпына келтірілген шама пайдалар мен залалдар құрамында мойындалады. Алайда, сатуға арналған қолда бар кез-келген құнсызданған қарыздық бағалы қағаздың әділ құнының кез-келген кейінгі қалпына келтіруі басқа жиынтық табыс құрамында мойындалады.

(iii) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен басқа қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерін анықтау бойынша әр есептік күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды және пайдаланудан құндылықтарды шегергенде әділ құннан үлкен шама болып табылады. Пайдаланудан құндылықтарды анықтау кезінде ақшалай қаражаттың болжалды болашақ ағындары ақшалардың уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасы мен осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен олардың ағымдағы сәтке келтірілген құнына дисконтталады. Ақшалай қаражаттың ағынын генерацияламайтын, айтарлықтай дәрежеде басқа активтермен генерацияланатын ақшалай қаражаттардың ағынына байланысты болмайтын актив үшін өтеу сомасы актив тиісті болатын ақшалай қаражатты генерациялайтын активтер тобы бойынша анықталады. Ақшалай қаражат генерациялайтын активтің баланстық құнынан немесе активтер топтары оның өтеу құнынан асқан кезде құнсызданудан залал мойындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан барлық залалдар пайда немесе залалқұрамында көрсетіледі және өтеу құнын анықтау кезінде пайдаланатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез – келген залал құнсызданудан болған залал қаржылық есептілікте көрсетілмеген жағдайда қалыптасатын активтің баланстық құны осындай баланстық құннан аспайтын (амортизацияны шегергенде) көлемде қалыпқа келтіруге жатады.

(ж) Резервтер

Резерв Банкте болған оқиға нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттеме пайда болғанда немесе осы міндеттемені орындау үшін қаражатты аудару қажет болатын ықтималдылық болғанда қаржылық жағдай туралы ережеде көрсетіледі. Егер осындай міндеттемедегі сома маңызды болатын болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасы мен осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемерін пайдаланумен ақшалай қаражаттардың болжанатын болашақ ағындарын дисконттау арқылы анықталады.

(з) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттеме

Ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде Банк пайдаланылмаған кредиттік желілерді, аккредитивтер мен кепілдіктер кіретін кредиттік сипаттағы шартты міндеттемені қабылдайды және кредиттік сақтандырудың басқа формаларын береді.

Қаржылық кепілдіктер – бұл белгілі дебитордың қарыздық құралдар шарттарымен белгіленген мерзімде төлемді жүргізе алмауына байланысты ұстаушыға келтірілген шығасылардың қаржылық кепілдігін өтейтін белгілі төлемді жүргізуді Банке міндеттейтін шарттар.

3 Есептеу саясатының негізгі ережесі, жалғасы

(3) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттеме, жалғасы

